

**Астана қаласы әкімдігінің «№112 жалпы орта білім
беретін мектеп» КММ**

**Асхана тағамдарының сапасына тексеру жүргізу нәтижесі бойынша
АНЫҚТАМА**

Қараша, 2025ж.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында балаларды тамақпен қамтамасыз ету ережелерін бекіту туралы» 2018 жылы 31 қазандағы 109 тармақша 3 бөлім 2 тарау №598 бұйрығына 2022 жылғы 10 тамыздағы №359 енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес мектепшілік 2025 жылы 2 -қыркүйектегі «2025-2026 оқу жылына тамақтану сапасын бақылай бойынша комиссия құрамын құру туралы» бұйрығы негізінде құрылған білім беру мекемелеріне сапалы тамақтандыру мониторингін жүйелі түрде жүруін тексеретін мониторингтік топ 2025 жылдың 13.11 және 27.11 күндері асхана тағамдарының сапасына кезекті тексеру жұмыстарын жүргізді.

Тексеру барысында ас мәзірінің баланың жас ерекшелігіне сай болуы, тағамның дәмдік сапасы, өнімдердің жарамдылық мерзімінің жаңа болуы, санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуы мен аспазшылардың жеке гигиенасы назарға алынды. Асхана қызметкерлерінің арнайы киіммен қамтамасыз етілуі, тағамның температуралық режимі және сақтау тәртібі тексерілді. Бақылау тағамының нормаға сай болуы, буфет қызметі, ӘОТ балаларының тамақтану кестесі мен АПК жүйесінен өту мәселелері талқыланды. 1-4 сынып оқушыларының Face ID өтуінде туындап жатқан қиындықтар да назарға алынды. Асхана жұмысының сапалы көрсетілуі мақсатында мектеп оқушыларының асханаға кіру кестесі құрылған. Сонымен қатар оқушыларға асхана тәртібі мен асхана мәдениетін үйрету жұмыстарының жүргізілетіні байқалады.

Нәтижесінде асхана жұмысы жақсы жолға қойылған деп танылды. Тағамдар жаңа піскен азық-түліктен дайындалып, ас мәзірі теңгерімді құрастырылған. Асхана тазалығы мен қызмет көрсету мәдениеті жоғары деңгейде. Жеткізіліп отырған тағамдардың сертификаттары бар. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ -76 бұйрығы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын бекіту туралы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы №ҚР ДСМ -16 «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидалары негізінде 10 қыркүйекте шыққан Буфеттік тағамдар және тыйым салынған тағамдарды сатпау туралы №153 бұйрығының орындалып жатыр.

Ұсыныс: Ыстық тағамдардың температуралық режимін тұрақты бақылауда ұстап, сүт өнімдерінің сапасын сақтау шарттарына ерекше назар аудару ұсынылады.



